Газбен жабдықтау нысандарын пайдалану қызметі бойынша түсіндірме

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының 16-бабы 3-тармағы 25) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының 16-бабы 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен **форматтық-логикалық бақылауды** ескере отырып жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының "Газ және газбен жабдықтау туралы" Заңының 30-бабына сәйкес, газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерінің иелері (ЖАО) олардың қауіпсіз пайдаланылуын және жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге, техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуге немесе өздеріне тиесілі объектілерге техникалық қызмет көрсету туралы шарт жасасуға міндетті.

Осылайша, аталған Заңның нормалары газбен жабдықтау жүйелерінің иелерін магистральдық газ құбыры бойынша операторлық қызмет көрсету құқығына ие тұлғалармен техникалық қызмет көрсету және пайдалану бойынша шарттар жасасуға тікелей міндеттейді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 333 бұйрығына сәйкес «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы магистральдық газ құбыры жөніндегі ұлттық оператор болып айқындалған.

Осы орайда, Қызылорда облысы Қармақшы ауданы тұрғындарын үздіксіз және апатсыз газбен қамтамасыз ету мақсатында, **«Жосалы кентінде АГТС орнатумен қоса «Бейнеу-Шымкент» магистралды газ құбырынан газ құбыры бұрыпының құрылысы» жобасы бойынша салынған газбен жабдықтау нысандарын пайдалану қызметіне** «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамымен шарт жасасу қажет.

Басқарма басшысының
міндетін атқарушы **Б. Ізмағамбетов**